

## ХАТТАМА №1

№78 орта мектеп  
04.09.2024 жыл.

Қатысуға тиісті-28  
Қатысқаны-28

### Күн тәртібінде:

1. 2024-2025 оқу жылының әдістемелік жұмысының жоспарын бекіту.
2. 2024-2025 оқу жылына арналған ҚР Оқу-ағарту министрлігінің әдістемелік нұсқау хатындағы биылғы оқу жылының ерекшеліктерімен таныстыру.
3. Халықаралық зерттеулерге қатысты түсінік беру және 9,10-сынып оқушыларының дайындық барысын ұйымдастыру туралы.
4. Ағымдағы мәселелер: - Әдістемелік бірлестік жетекшілерін тағайындау.
  - Мұғалімдерге шығармашылық шағын топтарын құру.
  - Пән апталық кестесін бекіту.
  - Мұғалімдердің аттестациясы туралы.

### Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі 1 мәселе бойынша Әдістемелік бірлестік жетекшісі З.Кургашева сөз сөйледі. 2024-2025 оқу жылындағы белгіленген жоспарымен таныстырып, бірқатар тарауларына тоқталды. Жоспарға сәйкес бірнеше жауапты мамандарға тапсырмалар берілді.

2- мәселе бойынша нормативтік құжаттарды оқып, танысу, талқылау, ҚР жалпы білім беретін мектептерінде және білім беру ұйымдарында ғылым негіздерін оқыту ерекшеліктері туралы айтып шықты. Әдістемелік нұсқау хатпен нормативтік құжаттармен және оқу бағдарламасымен таныстырып, биылғы оқу жылындағы әдістемелік нұсқау хаттағы ерекшеліктерге тоқталып өтті. Сонымен қатар осы оқу жылында мұғалім мен оқушы жүктемесінің төмендегіндігі туралы түсіндірді..

3-мәселе бойынша PISA Халықаралық зерттеу жұмыстарына байланысты дайындық жұмыстарын жүргізу туралы 9,10 сынып оқушыларын тестілеу және оны ұйымдастыру үшін арнайы мамандарға жұмыстар жүктеу туралы айтты. Оқушылардың компьютерлік сауаттылығын арттыру, информатика кабинетін жабдықтау информатика пәні мұғалімі И.Рустемова IT мамандары- оператор Н.Сағымбаеваға, бағдарламашы Н.Кемалдинге тапсырылды. Пән мұғалімдері А.Шыраева, Д.Қайыпбаев, Г.Сейталы, А.Сабырбаева, А.Ысқақова, Е.Шертайға сабақ барысында функционалдық сауаттылықты дамыту тапсырмаларын қатыстырып оқушымен жұмыс жасауды міндеттеді.

Ағымдағы мәселелер бойынша әдістемелік кеңес жұмысын ұйымдастыру туралы айтылды. Мұғалімдермен кеңесе отырып әдістемелік бірлестік жетекшілерін тағайындады. Қоғамдық гуманитарлық пәндер бірлестігінің жетекшісі А.Пшанова, Бастауыш пәндер бірлестігінің жетекшісі А.Ұзақбай, Жаратылыстану-математика пәндер бірлестігінің жетекшісі И.Рустемова, техникалық пәндер бірлестігінің жетекшісі Г.Сейталыға тағайындалды. Өткен оқу жылында орналасқан жас мамандарға тағайындалған тәжірибелі мамандардың жұмыстары тыңдалды.

Пәндер апталығының күндері анықталып, кестесін бекітілді. Биылғы оқу жылында 10 мұғалім аттестациядан өтуге өтініш бергелі отыр. Олар Г.Жургенова-қазақ тілі мен әдебиеті, Л.Ізгілеуова-бастауыш сынып, И.Рустемова- информатика, Г.Сейталы-биология, Г.Пшанова-бастауыш сынып, А.Жолдасбаева-бастауыш сынып, А.Ұзақбай-бастауыш сынып, Ж.Сағымбай-математика, Д.Қайыпбаев-биология, Д.Әбдінәби- ағылшын тілі пәні мұғалімдері.

### Қаулы етеді.

1. Әдістемелік бірлестік жұмысының жоспары бекітілсін.
2. ҚР Оқу -ағарту министрлінің нұсқау хатына сай жұмыс жүргізілсін.
3. Халықаралық зерттеулерге байланысты жұмыстарды жүйелі түрде жүргізу пән мұғалімдерінен тағайындалсын.

Күн тәртібіндегі 2-мәселе бойынша пән мұғалімдерінің құжаттарын рәсімдеу оқу ісі жөніндегі орынбасары З.Кургашеваға міндеттелсін.

Әдістемелік бірлестік жетекшісі:  З.Кургашева  
А.Пшанова



№ 5 ХАТТАМАСЫ

Қатысқандар: 29  
Қатыспағандар: \_\_\_\_\_

31 мамыр 2024 жыл

Күн тәртібінде мәселелер:

1. 2023-2024 оқу жылындағы мұғалімдердің еңбек санатын көтеру жүйесіндегі курстардан өтуі, аттестация қорытындысы
2. Әдістемелік кеңестін, бірлестік жұмыстарының нәтижесі.
3. Келесі оқу жылына арналған жоспарын талқылау

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша, 2023-2024 оқу жылындағы еңбек санатын көтеру жүйесіндегі курстардан өтетін мұғалімдер тізімі хабарланды. Аттестация қорытындысы бойынша, 2018-2019 оқу жылында екі мұғалім тест тапсырып педагог-модераторлықты қорғап шықты. Олар: орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі А.Абилдаева және қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі А.Пшанова. Мамыр айында тест тапсырған мұғалімдер –З.Кургашева, И.Рүстемова, С.Қартабаева, Б.Тұрмағанбетова, М.Ақбердиев, А.Сабырбаева, Д.Қайыпбаев және Е.Шертай. педагог –сарапшыны қорғаған З.Кургашева мен Д.Қайыпбаев және А.Сабырбаева мен Е.Шертай педагог-модераторлықты қорғап, тесттен өтті.


2-мәселе бойынша, ӘБЖ Б.Құрманбаева сөз алды. Әдістемелік кеңес жыл бойы жоспарланған жоспар бойынша жұмысын толық атқарды. Бірлестіктер өз жоспарына сәйкес сабақтарын өткізіп, іс-шараларын уақтылы өткізіп тұрды. Жоспардан тыс келіп жатқан қатынастарға мүмкіндігінше жауап беріп отырды.

3-мәселе бойынша, келесі 2023-2024 оқу жылына арналған жоспардың үлгісі талқыланды. ондағы әдістеме кеңесінің мүшелері өзгеріссіз қалатыны және де жаңа оқу жылының басында тиісті шаралар мен жұмыс жоспарларына сай қызмет атқаратындары туралы сенім білдіріліп айтылды.

Қабылданған қаулы:

- Пән бірлестіктердің, пән мұғалімдердің атқарған жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.
- Жаңа оқу жылына жұмыс жоспарларын нақтылап дайындалсын.
- 

ӘБЖ  З.Кургашева

Хатшысы:  А. Шыраева



№ 4 ХАТТАМАСЫ

Қатысқандар: 29

29 наурыз 2024 жыл

Қатыспағандар: \_\_\_\_\_

Күн тәртібінде мәселелері

1. Семинар «Сыни тұрғыдан ойлау арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту» (жаратылыстану бағыты) (А.Біскакова)
2. «Дарынды тұлғаны қалыптастырудың ұстаздың ролі» коучинг (А.Қайыпбаева)
3. Тәлімгерлердің және мамандардың сабақтарына қатысу қорытындысы

**Танылған**

1-мәселе бойынша, «Сыни тұрғыдан ойлау арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту» жаратылыстану пәні бірлестігінің жетекшісі А.Біскакова оқыды. Сыни тұрғыдан ойлау – оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, сонымен қатар баланың өз ойын тиімді және дәлелді жеткізуге дағдыландырады. Сабақта шығармашылық жұмыспен айналысуға жағдай туғызады.

2-мәселе бойынша, А.Қайыпбаева «Дарынды тұлғаны қалыптастырудың ұстаздың ролі» тақырыбында коучинг ұйымдастырды. Коучинг барысында ұстаздардың жеке тұлға қалыптастыруда маңызды рөл атқаратынын атап өтті. Әсіресе, шығармашыл, қабілетті оқушыларды қалыптастыру кезінде әр баланың жеке дамуы мен жеке ерекшеліктерін ескеру маңызды. Сондықтан да, әрбір ұстаз әр баланы жан тәнімен түсініп, оған жан жылуын аямай жұмыс бағыттан отыруы керек.

3-мәселе бойынша, әр жас маманға мектепте тәлімгерлер сайланып белгіленді. Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі жас маман Қ.Байбарақоваға тәлімгер орыс тілі пәні мұғалімі А.Абилдаева сабақтарына қатысқаны туралы есеп беріп мәлімдеді. Жыл баасында сабақ берген жас маман жыл соңында төселген, дағдыланған. Оқушылармен жұмыс істеу барысында жаңартылған әдіс-тәсілдердің элементтерін пайдалануда. Сонымен қатар, география пәнінің мұғалімі жас маман Е.Шерттайға А.Қайыпбаева тәлімгерлік етін келді. Сабақтарға қатысып, олимпиадаға оқушы дайындау сәттерінде, аудандық семинар мен сабақтарға қатысу барысында бағыт-бағдар сілтеп отырды.

**Қабылданған қаулы:**

- Жас мамандармен атқарған жұмыстарды жалғастыра отырып, ары қарай әдіс-тәсілдерді дамыту барысында дамыту.

ӘЖЖ

Хаттамасы



З.Курганева

/ А. Шыраева

№78 орта мектептің кезектен тыс әдістемелік кеңес отырысының  
хаттамасынан көшірме №2

09 қазан 2023 жыл

Қатысқаны : 25

Күн тәртібінде:

1. Педагог қызметкерлерді аттестаттаудың жаңа ережесінің жобасы туралы .

Хабарламаны:

Күн тәртібіндегі мәселеге байланысты мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары  
З.Кургашеваның хабарламасы тыңдалды:

Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары З.Кургашева «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім берудің оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығымен (ҚР Оқу – ағарту министрінің 2022ж 30 желтоқсандағы №533 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары туралы жалпы ережесінің жобасына тоқталды. Ереже бойынша әр пунктіне жекелеп талданып, түсіндірме жүргізілі.

Педагогтің үздіксіз кәсіби дамуының ұлттық платформасы, ақпараттық жүйе жасалады. Аттестаттау кезеңі ( мерзімі) бұрынғыдай: педагогтер үшін 5 жылда 1 рет өткізіледі.

Аттестаттау екі кезеңнен тұрады:

1. Тестілеу. 2. портфолио ( бұрынғыдай қағаз нұсқада емес, мұғалім қолымен салмайды, жоғарыда айтылған ақпараттық жүйе- платформада жеке кабинетте өзі автоматты түрде жинақталып алынады)

Портфолионың толықтығы жыл сайын басқа дереккормен әрекеттесіп, нәтижесі есептеледі, мұғалімге жеке кабинетінде балл арқылы көрініп тұрады

Тестілеуден босатылатындар:

- 1) бұрынғы біліктілік санатын растаса;
- 2) педагог- зерттеуші, педагог - шебер біліктілігіне өтуге өтініш берсе
- 3) 30 жыл еңбек өтілі болса

"Екінші санат", "Бірінші санат" біліктілік санаттары бар педагогтерге "педагог-модератор" біліктілік санаты беріледі; "жоғары санат" - «педагог-сарапшы», «санаты жоқ» педагогтерге "педагог" біліктілік санаты беріледі.

Белгілі себептермен педагогтың біліктілік санатының қолданылу мерзімін ұзарту 2 жыл. Зейнет жасына 5 жыл уақыт қалса қолданыстағы біліктілік санаты сақталады.

Мерзімінен бұрын аттестаттау аттестациядан өткеннен кейін кемінде екі жыл уақыт болу керек. Тиісті қызмет нәтижесі бойынша жеке кабинеттегі көрсетіліп тұрған балл саны жеткілікті болуы керек

Тесттен өтуге шектік балл: Модератор-60%; сарапшы-70%;

Тапсырма саны бұрынғыдай 30+20=50 емес, тек пәндік білім - 100 тапсырма.

Платформа жұмыс істей бастағанға дейін мұғалім портфолиосынбұрынғыдай электронды немесе қағаз нұсқада мектеп комиссиясына береді, мектеп комиссиясы тиісті жоғарыдағы комиссияға жеткізеді.

Портфолио мазмұны:

1.Білім сапасы өсу көрсеткіші 13% ( 2 көрсеткіш күнделіктен, ҰТО базасынан ҰБТ, МОДО нәтижесі)

2 .Сабақтарды бақылау 30% (5 көрсеткіш автоматтандырылған бағалау парағы)

3. Білім алушылардың жетістіктері 8 % (5 көрсеткіш Дарын, nobд )

4. Педагог жетістіктері 8 % ( 5 көрсеткіш дарын, nobд дереккөры)

5 . Үздік пед тәжірибе 40% ( nobд ҰБА дереккөрынан алынады)

6.Біліктілік арттыру курстары 1 % ( Орлеу , пшо сертификаттары)

Ұпай саны: Модер 38-50, Сарапшы 51-63, Зерттеуші 64-72,Шебер 73 және одан жоғары.

Ұлттық платформа жеке кабинет құрылымы тақтадан көріңіздер. Платформа жұмыс жасай бастағанда осылай жеке кабинет болады, әр педагогта.

Мектептің аттестаттау комиссияның төрайымы А.Алуашова қосымша мәліметтермен толықтырып, педагогтардың сұрақтарына жауап берді.

Шығып сөйлеушілер:

Сағымбай Ж, математика пәнінің мұғалімі:

- Педагогтер тарапынан бірнеше ұсыныстар айтылды. Еңбек өтілі 25 жыл толған педагогтарды тестілеуден босатылса, I санаттағы мұғалімдерді «педагог-сарапшыға» теңестірілсе деген ұсыныстары айтылды.

Пшанова А , қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі:

- Менің қолданыстағы біліктілік санатымның мерзімі биылғы жылы аяқталады. Сонда біліктілік санатым бір жыл мерзімге ұзартыла ма ?

Жаңа қағиданы толық қолдаймын . Әсіресе, бұрынғы санатты растағанда, зерттеуші мен шебер санатын алғанда және 30 жыл еңбек өтілі болғанда біліктілік тестілеуден босатылатыны педагогтар үшін үлкен жеңілдік деп есептеймін.

Қаулы:

1. «Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Оқу-ағарту министрінің жаңа бұйрығы мақұлданын.
2. Жаңа қағиданың 26- тармағы бойынша педагогтардың ұсынысы аудандық аттестаттау комиссиясына жеткізілсін: «I санатты» педагогты «педагог-сарапшыға» теңестіру.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары З.Кургашеваға міндеттелсін.

Әдістемелік кеңес төрайымы:  З.Кургашева

Хатшы:  А.Шыраева



## Хаттама №1

2023 жылдың 3 қыркүйек күні №78 орта мектепте әдістемелік отырыс өткізілді.

Қатысуға тиісті мұғалім -25

Қатысқаны- 25

**Күн тәртібінде:**

1. 2023-2024 оқу жылына арналған ӘБ жұмыс жоспарын бекіту./Хабарламашы :оқу ісі жөніндегі орынбасар З.Кургашева /
2. 2023-2024 оқу жылына арналған оқу-әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру./Хабарламашы: оқу ісі жөніндегі орынбасар З.Кургашева /
3. Оқу жылына ӘБ оқытушыларының шығармашылық қызметін жоспарлау./Хабарламашы : оқу ісі жөніндегі орынбасар З.Кургашева /
4. Пәндік дәптерлерді жүргізу ережелері туралы ережелерді қарастыру: пәндер бойынша дәптер саны (бақылау дәптері, жұмыс дәптері, сөздіктер, зертханалық жұмыстарға арналған дәптерлер, шығармашылық жұмыстар, контурлық карталар) . /Хабарламашы : Бірлестік жетекшілері /

**Тыңдалды:**

Әдістемелік бірлестік жетекшісі З.Кургашева жаңа оқу жылымен мұғалімдерді құттықтап , отырыстың алғашқы мәселесі бойынша өткен оқу жылындағы әдістемелік жұмыстардың қорытындысы және жаңа оқу жылының міндеттері туралы баяндады. Сонымен қатар әдістемелік бірлестік жұмыс жоспарымен таныстырды.

2023-2024 оқу жылына арналған оқу-әдістемелік нұсқау хатпен таныстырып өтті. Әдістемелік нұсқау хаттағы биылғы жылғы ерекшеліктері туралы түсінік берді . Жаңа оқу жылына арналған білім стандартымен оқулықтар тізбесімен таныстырып, мұғалімдердің қосымша сауалдарына жауап беріп, ұсыныс пікірлері тыңдалды.

Нормативтік актілерді оқып , мектеп құжаттарын толтыру барысында сауаттылықпен, жауапкершілікпен қарау мұғалімдерге ұсынылды.

Оқу жылындағы әдістемелік бірлестік оқытушыларының шығармашылық қызметінің жоспарға сәйкес жұмыс барысы міндеттелді.

Пәндік дәптерлерді жүргізу ережелері туралы ережелерді қарастыру: пәндер бойынша дәптер саны, бақылау дәптері, жұмыс дәптері, сөздіктер, зертханалық жұмыстарға арналған дәптерлер, шығармашылық жұмыстар, контурлық карталар туралы бірлестік жетекшілері сөз алып, мәлімет берді.

Отырыс соңында 4,8,9,10,11-сынып жетекшілері мен пән мұғалімдерін халықаралық зерттеулерге , ҰБТ, ББЖМ-ға дайындық жұмыстарының жоспарымен таныстырып өтті. Оқу процесіне байланысты қосымша сұрақтарға байланысты мұғалімдердің пікірлері ортаға салынып, ой бөлісті.

**Қаулы:**

- 1.Өткен оқу жылындағы әдістемелік жұмыстардың қорытындысы қанағаттанарлық деп табылсын.
- 2.2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатты басшылыққа ала отырып жұмыс жүргізу ӘБ мүшелеріне міндеттелсін.

Әдістемелік бірлестік жетекшісі  З.Кургашева





# №78 орта мектебінде өткізілген әдістемелік бірлестік отырысының

## №3 ХАТТАМАСЫ

05 сәуір 2023 жыл

Қатысқандар: 24

Қатыспағандар: 3

Күн тәртібінде мәселелер:

1. III оқу тоқсаны бойынша бірлестік жұмыстарын талдау. /Хабарламашы әдістемелік бірлестік жетекшісі/
2. Шығармашылық топтардың ішінен бір мұғалімнің есебін тыңдау. «Идеялар алаңы» байқауына қатысып келген мұғалімдермен тәжірибе алмасу./Хабарламашы пән мұғалімдері/
3. Бірлестік жетекшілерінің пән апталықтарының есебі /Хабарламашы бірлестік жетекшілері/
4. Бейінді оқытудағы нәтижелер. /Хабарламашы бейінді оқыту жөніндегі орынбасар/
5. Негізгі жалпы орта мектеп бітірушілердің емтиханға дайындық барысы туралы /Хабарламашы пән мұғалімдері/

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша, III оқу тоқсаны бойынша мектептің әдістемелік жұмысының нәтижесі туралы әдістемелік бірлестік жетекшісі З. Кургашева хабарлама жасады.

- III оқу тоқсаны бойынша әдістемелік жұмыс жоспарына сәйкес жұмыстар атқарылды. «Бастау» бастауыш сынып бірлестігінің ұйымдастыруымен «Жаңа білімге-жаңа көзқарас» тақырыбында апталық өткізілді. Апталыққа бірлестік мүшелері ат салысып ұйымшылдықпен қатысты. Апталық барысында ашық сабақтар, сыныптан тыс іс-шаралар өткізілді. Өр өтілген сабақ бойынша талдау жасалып кемшіліктері мен жетістіктері туралы ұсыныс пікірлер апталықтың қорытынды бөлімінде отырыс жасалып айтылды.

Көктемгі каникул кезінде аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен өткізген «Идеялар алаңы» байқауына мектептен қатысып келген пән мұғалімдерімен пікір алысып, тәжірибе алмасу мақсатында жұмыстары көрсетілді.

Физика пәні мұғалімі А.Искакова «Физика сабағындағы қарапайым тәжірибелер – танымдық қызығушылықпен функционалдық сауаттылықтарын арттырудың кепілі» тақырыбында, музыка пәні мұғалімі Г.Сейталы «Музыка сабағында оқушылардың креативті ойлауын дамытуға арналған тапсырмаларды орындау» тақырыбында, математика пәні мұғалімі Ж.Сағымбай «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға арналған тапсырмаларды орындаудың тиімді жолдары» тақырыбында өз идеяларын ортаға салды.

4-мәселе бойынша бейінді оқытудағы нәтижелерге байланысты бейінді оқыту жөніндегі орынбасар Б.Құрманбаева 5-11 сыныптармен жүргізіліп жатқан жұмыстар жайында хабарлама жасады. Өр баланың бейінін анықтауға арналған картотеканы толтыру үшін сынып жетекшілерімен байланыс жасап отырғандығы туралы айтып өтті.

Негізгі жалпы орта мектеп бітірушілерінің емтиханға дайындық барысы туралы 9,11 сынып пән мұғалімдері хабарлама жасап өтті.

Отырыс соңында әдістемелік бірлестік жетекшісі ағымдағы мәселелерге : электронды күнделіктің толтырылуы, сабаққа ену бойынша ұсыныс пікірлер айтты.

Қабылданған қаулы:

- III оқу тоқсаны бойынша мектеп әдістемелік жұмысының нәтижесі қанағаттанарлық деп танылсын.
- Шығармашылық топ мүшелерінің атқарған жұмыстарына жоғары деңгейде деген баға берілсін.
- Негізгі жалпы орта мектеп бітірушілердің емтиханға дайындық барысы пән мұғалімдеріне жүктелсін.

Әдістемелік бірлестік жетекшісі  
Хатшысы:



З.Кургашева  
А. Шыраева

# №78 орта мектебінде өткізілген әдістемелік бірлестік отырысының

## № 1 ХАТТАМАСЫ

11 қараша 2022 жыл

Қатысқандары: 17

Қатыспағандары: 3

Күн тәртібінде мәселелер:

1. I жартыжылдықтағы мектеп әдістемелік жұмысының нәтижесі
2. «Шәкірт жетістігі-мұғалімнің кәсіби білетіндігі мен шеберлігінің жемісі» Аттестациядан өтетін мұғалімдердің шығармашылық есебі. (Пән мұғалімдері)
3. «PISA зерттеулерінің математикалық сауаттылығы бойынша тесттері мен тапсырмаларының ерекшеліктері» (Жаратылыстану-математика пәндер бірлестігі мүшесі Ж.Сағымбай)
4. Ағымдағы мәселелер

Тыңдалды

1-мәселе бойынша, мектептің әдістемелік жұмысының нәтижесі туралы әдістемелік бірлестік жетекшісі З.

Кургашева

хабарлама жасалды.

I жартыжылдық бойынша әдістемелік жұмыс жоспарына сәйкес жұмыстар атқарылды. «Ұзын» жаратылыстану-математика бірлестігінің ұйымдастыруымен «Жанартылған білімге-жанаша ізденіс» тақырыбында апталық өткізілді. Апталыққа бірлестік мүшелері ат салысып ұйымшылдықпен қатысты. Апталық барысында ашық сабақтар, сонымен қатар іс-шаралар өткізілді. Әр өткізілген сабақ бойынша талдау жасалып кемшіліктер мен жетістіктері туралы ұсыныс пікірлер апталықтың қорытынды бөлімінде отырыс жасалып айтылды.

I жартыжылдықтың қорытындысымен білім сапасындағы олқылықтарды жою мақсатында біршама жұмыстар атқарылды. Әр сынып бойынша үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыс жүргізіліп, пән мұғалімдері оқушылардың білімін қалпына келтіру бойынша кешенді жоспар жасап, ақпарат берді. Пән мұғалімдері оқушыларды ойлау қабілетіне қарай топтарға бөліп, үлгермеу себебін анықтап кемшіліктермен жасалған жұмыстары туралы анықтамаларын тапсырды.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту мақсатында оқушылардың оқу жетістіктерін сырттай бағалау мен мониторингтеу жүргізілді. Халықаралық зерттеулерге дайындық мақсатында шаралар жасалды. Пән мұғалімдеріне педагогикалық кеңесте зерттеулерге байланысты түсінік берілді. Жоспарымен таныстырылды. Жоспарға сай пән мұғалімдеріне тапсырмалар берілді. Оқушылардан тест тапсырмалары бойынша сынақ алынды. Нәтижесі сараптама жасалып, қорытындыланды. Жаратылыстану сауаттылық бойынша оқушылар деңгейі төмен болғандықтан қосымша жұмыстар жүргізу ұсынылды, -деп сөзін аяқтады.

Келесі мәселе бойынша аттестациядан өтетін пән мұғалімдердің шығармашылық есебі тыңдалды. Биылғы оқу жылында аттестаттауға өтініш берген төрт мұғалім де тестілеуден оң нәтиже көрсетіп, аттестаттаудан өтті. Алдағы уақытта аттестаттауға өтініш бергені отырған пән мұғалімдерінің шығармашылық есебі бойынша жетістіктері сараланып, сәуір айына дейін әлде толықтыру ұсынылды.

3-мәселе бойынша жаратылыстану-математика пәндер бірлестігінің мүшесі Ж.Сағымбай «PISA зерттеулерінің математикалық сауаттылығы бойынша тесттері мен тапсырмаларының ерекшеліктері» тақырыбында баяндама оқыды.

Баяндамасында Ж.Сағымбай: «Халықаралық зерттеулердің білім алушылардың әртүрлі өмірлік жағдайлардағы қабылдаған жеке шешімдерін негіздеу үшін математикалық білімдерін қолдана білу қабілеттерін бағалайды. Зерттеуге қатысушылар тапсырмада берілген ақпаратты өздеріне таныс концепцияларды, процедуралар мен фактілерді қолдана отырып түсінідіре білулері қажет. Сондай-ақ, сыни ойлау мен талдау жасай білу дағдыларын көрсетулері тиіс.

Математикалық тапсырмалар мазмұны квантитативтік (сандық), кеңістік және ықтималдылық теорияларында қарастырады. Халықаралық зерттеу сұрақтарының бірегейлігі - оқушылар тест тапсырмаларын орындау барысында күнделікті өмірлік жағдаяттарға байланысты математикалық пайымдауларды қолданудың маңыздылығын түсінеді. Халықаралық сарапшылар PISA жобасындағы «Математикалық сауаттылық» бағытының негізін қалайтын екі принципті анықтайды», -деп қысқаша мәлімет берді.

Отырыс соңында әдістемелік бірлестік жетекшісі З.Кургашева ағымдағы мәселелерге, яғни электронды күнделіктің толтырылу сапасы, уақытылы жүргізілуі туралы ескертулер айтты. Токсан сайынғы БЖБ, ТЖБ талдау жұмыстары, білім сапасы туралы мәлімет уақытылы тапсыру керектігі туралы ескертті.

Қабылданған қаулы:

- I жартыжылдықтағы мектеп әдістемелік жұмысының нәтижесі қанағаттанарлық деп танылсын.
- Аттестациядан өтетін мұғалімдерге шығармашылық жұмыстарды жандандырып, жетістіктері толықтырылсын.
- PISA зерттеулеріне дайындық жұмыстары жүзеге асырылсын.

Әдістемелік бірлестік жетекшісі:  
Хатшысы:



З.Кургашева  
А. Шыраева

**Күн тәртібінде:**

1. 2022-2023 оқу жылының жоспарын бекіту.
2. Педагогикалық ұжымда ҚР Білім мен Ғылым министрлігінің нұсқау хатымен таныстыру.
3. Әдістемелік кеңес жұмысын ұйымдастыру.
  - Әдістемелік бірлестік жетекшілерін тағайындау.
  - Жас мамандарға тәлімгер тағайындау.
  - Мұғалімдерге шығармашылық шағын топтарын құру.
  - Пән апталық кестесін бекіту.
  - Мұғалімдердің аттестациясы туралы.

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі 1 мәселе бойынша Әдістемелік бірлестік жетекшісі З.Кургашева сөз сөйледі. 2022-2023 оқу жылындағы белгіленген жоспарын тексеріп бекіттіру.

2-мәселе бойынша ҚР Білім мен Ғылым министрлігінің нұсқау хатымен таныстырып, биылғы оқу жылының ерекшеліктерімен бөлісті.

Нормативтік құжаттарды оқып, танысу, талқылау. ҚР жалпы білім беретін мектептерінде және білім беру ұйымдарында ғылым негіздерін оқыту ерекшеліктері туралы айтып шықты. Әдістемелік нұсқау хатпен нормативтік құжаттармен және оқу бағдарламасымен таныстырды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес білім сапасын арттыру жөніндегі жұмыстың негізгі бағыттары білім беру процесіне қатысушылардың үздік білім беру ресурстары мен технологияларына бірдей қолжетімділікті қамтамасыз ету, жылдам өзгермелі әлемде табыстылығын қамтамасыз ететін білім алуға деген білім алушылардың сұраныстарын қанағаттандыру, Қазақстан Республикасы азаматтарының жалпы білім беретін мектептерде интеллектуалдық, рухани және дене бітімі дамуын қалыптастыру болып табылады.

Бірлестік мүшелері нұсқау хатпен танысып биылғы оқу жылы несімен ерекшеленеді? Деген сұраққа өз пікірлерін ортаға салды.

3-мәселе бойынша Әдістемелік кеңес жұмысын ұйымдастыру. Мұғалімдермен кеңесе отырып әдістемелік бірлестік жетекшілерін тағайындады. Қоғамдық гуманитарлық пәндер бірлестігінің жетекшісі А.Пшанова, Бастауыш пәндер бірлестігінің жетекшісі А.Ұзақбай, Жаратылыстану-математика пәндер бірлестігінің жетекшісі И.Рустемова, техникалық пәндер бірлестігінің жетекшісі Ж.Төлебай тағайындалды. Өткен оқу жылында орналасқан жас мамандарға тағайындалған тәжірибелі мамандардың жұмыстары тыңдалды.

Пәндер апталығының күндері анықталып, кестесін бекітіп, биылғы оқу жылында аттестациядан өтетін мұғалімдердің тізімі анықталып, Мұғалімдер аттестациядан өткен мұғалімдерден пікірлесті.

**Қаулы етеді.**

1. Әдістемелік бірлестік жоспары бекітілсін.
2. ҚР Білім және Ғылым министрлігінің нұсқау хатына сай жұмыс жүргізілсін.
3. Пән апталықтарының кестесіне сай жұмыс жүргізілсін.

Әдістемелік бірлестік жетекшісі:  
Хатшы:



З.Кургашева  
А.Пшанова